КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

15 қыркүйек 2023 жыл № 1112-23-00-2/2207 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
мемлекеттік коммуналдық шаруашылық жүргізу құқылы «Көкшетау Су Арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Қалкөз Әлішер Мұратұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы мемлекеттік коммуналдық шаруашылық жүргізу құқылы «Көкшетау Су Арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Қалкөз Әлішер Мұратұлына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Қалкөз Әлішер Мұратұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Қалкөз Әлішер Мұратұлынан мемлекеттік коммуналдық шаруашылық жүргізу құқылы «Көкшетау Су Арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 2 284 (екі мың екі жүз сексен төрт) теңге тұрақсыз айыбы, 69 (алпыс тоғыз) теңге сот шығыны өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер Қалкөз Әлішер Мұратұлынан мемлекеттік пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Құжатқа қол қойылған: Бегенбаева А. С., 17.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Аймухамедов А. А., 29.11.2023

1112-23-3-1/2564